

**С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетінің
фармация бойынша 6D110400 – «Фармация» және 6D074800 –
«Фармацевтикалық өндіріс технологиясы» мамандықтары бойынша
Ботабаева Рауан Еркебаевнаның философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін
алу үшін дайындалған «Қазақстан Республикасының тұрғындарын отандық
өндірістегі дәрілік препараттармен тиімді қамтамасыз етуді жетілдіру»
тақырыбындағы диссертациясын қорғау бойынша Диссертациялық кеңес
отырысының
СТЕНОГРАММАСЫ**

Алматы қ.

03-ші желтоқсан 2016 ж.

ХАТТАМА №5

Отырыста Диссертациялық кеңестің 10 мүшесінің толық 10 мүшесі қатысты.

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

6D110400 – «Фармация» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін «Қазақстан Республикасының тұрғындарын отандық өндірістегі дәрілік препараттармен тиімді қамтамасыз етуді жетілдіру» атты тақырыбындағы ізденуші Ботабаева Рауан Еркебаевнаның диссертациялық жұмысын қорғауы.

Диссертациялық кеңестің төрағасы – фармация ғылымдарының докторы, профессор Бисенбаев Эдуард Мухамеджанович.

Диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы – фармация ғылымдарының докторы Бошкаева Асыл Кенесовна.

Тіркеу қағазы бойынша Диссертациялық Кеңестің 10 мүшесінің толық 10 мүшесі қатысты, олар:

1. Бисенбаев Эдуард Мухамеджанович, фарм.ғ.д., профессор, 15.00.02 – фармацевтикалық химия және фармакогнозия;
2. Датхаев Убайдулла Махамбетович, фарм.ғ.д., профессор, 15.00.01 – дәрілер технологиясы және фармацевтикалық қызметті ұйымдастыру;
3. Бошкаева Асыл Кенесовна, фарм.ғ.д., 15.00.02 – фармацевтикалық химия және фармакогнозия;
4. Устенова Гульбарам Омаргазиевна, фарм.ғ.д., доцент, 15.00.01 – дәрілер технологиясы және фармацевтикалық қызметті ұйымдастыру;
5. Рахимов Кайролла Дюйсенбаевич, м.ғ.д., профессор, 14.00.25 – фармакология, клиникалық фармакология;

6. Азембаев Амир Аканович, фарм.ғ.к., 15.00.01 – дәрілер технологиясы және фармацевтикалық қызметті ұйымдастыру;

7. Махатов Бауыржан Калжанович, фарм.ғ.д., профессор, 15.00.01 – дәрілер технологиясы және фармацевтикалық қызметті ұйымдастыру;

8. Пралиев Калдыбай Жайловович, хим.ғ.д., профессор, 02.00.03 – органикалық химия;

9. Бурашева Гаухар Шахмановна, хим.ғ.д., профессор, 02.00.10 – биоорганикалық химия;

10. Ивасенко Светлана Александровна, фарм.ғ.д., 15.00.01 – дәрілер технологиясы және фармацевтикалық қызметті ұйымдастыру; 15.00.02 – фармацевтикалық химия және фармакогнозия.

Маңызды себептермен қатыспағандар жоқ.

Төраға – фармация ғылымдарының докторы, профессор Бисенбаев Эдуард Мухамеджанович: Аса құрметті Диссертациялық кеңестің мүшелері! Күн тәртібінде Ботабаева Рауан Еркебаевнаның «Қазақстан Республикасының тұрғындарын отандық өндірістегі дәрілік препараттармен тиімді қамтамасыз етуді жетілдіру» тақырыбындағы философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін іздену диссертациясын қорғауы. Диссертациялық жұмыс Санжар Жапарұлы Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық медицина университетінің «Фармацевт-менеджер» модулінде орындалған.

Ғылыми кеңесшілер:

Датхаев Убайдилла Махамбетович – профессор, фармация ғылымдарының докторы, Санжар Жапарұлы Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық медицина университетінің «Фармацевтикалық пәндер» кафедрасының меңгерушісі.

Шертаева Клара Джолбарысовна – профессор, фармация ғылымдарының докторы, Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік фармацевтика академиясының «Фармация ісін ұйымдастыру және басқару» кафедрасының меңгерушісі.

Шетелдік ғылыми кеңесші:

Хименко Сергей Валентинович – фармация ғылымдарының кандидаты, Ұлттық фармациялық университетінің «Фармация экономикасы және ұйымдастыру» кафедрасының доценті, Харьков қаласы, Украина.

Ресми рецензенттер:

Сағындықова Баян Ахметовна – профессор, фармация ғылымдарының докторы, Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік фармацевтикалық академиясының «Дәрілер технологиясы» кафедрасының меңгерушісі, Шымкент қаласы, Қазақстан Республикасы.

Бекенов Кудайберген Елтекулы – фармация ғылымдарының кандидаты, Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан Мемлекеттік медицина университетінің «Химиялық пәндер курсымен фармацевтикалық пәндер» кафедрасының доценті, «Желдорфармация» ЖШС директоры, Ақтөбе қаласы, Қазақстан Республикасы.

Ізденушінің жеке іс құжаттарын жариялау үшін Диссертациялық кеңестің ғылыми хатшысы, фармация ғылымдарының докторы **Бошкаева Асыл Кенесовнаға** сөз беріледі.

Ғылыми кеңесші, фарм.ғ.д. Бошкаева Асыл Кенесовна: Аса құрметті төраға! Құрметті Диссертациялық Кеңес мүшелері!

PhD-докторант Ботабаева Рауан Еркебаевнаның жеке құжатында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің талаптарына қажет барлық құжаттар жиналған. Барлық құжаттар уақытында тапсырылды. Мінездемені оқуға рұқсат етіңіз:

Ботабаева Рауан Еркебаевна 1981 жылы туылған, 2004 жылы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік медицина (фармацевтика) академиясын 0902 – «Әлеуметтік саладағы менеджмент (Фармация)» мамандығы бойынша бітірген. Кейін 2013 жылы 6М110400 – «Фармация» мамандығы бойынша Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік фармацевтика академиясының магистратурасын аяқтады. 2013 және 2016 жылдар арасында Санжар Жапарұлы Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық медицина университетінің «Фармацевт-менеджер» модулінде PhD-докторантурада оқыды. Ботабаева Рауан Еркебаевнаның диссертациялық жұмысы заманауи фармацияның маңызды бағытына – отандық дәрілік заттарды тиімді пайдалану мүмкіндігін кеңейту аясындағы жаңа әдістемелік жолдарын жетілдіруге арналған.

Диссертация тақырыбы бойынша 17 ғылыми жұмыс жарияланған, оның ішінде: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау Комитеті ұсынатын басылымдарда – 4; Томсон Рейтер, Скопус базасындағы шетел басылымда – 3 (Хирш индекс – 2); шетелдік және отандық халықаралық конференция материалдарында – 10 және 2 – әдістемелік құралдар жарық көрді. Ғылыми жұмыс нәтижелері халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияларда баяндалған.

Мінездемеге «Фармацевт-менеджер» модулінің жетекшісі, фарм.ғ.к., профессор Шопабаева Алма Рахимбаевнаның қолы қойылған.

Диссертацияға «Ұлттық ғылыми-техникалық ақпарат орталығы» Акционерлік қоғамы диссертациялар қорымен салыстырмалы-сәйкестік анализ жасағанда, сәйкестік табылмаған, соған байланысты «Ұлттық ғылыми-техникалық ақпарат орталығы» Акционерлік қоғамынан анықтама қағазы алынған.

Докторанттың жеке құжатында «Фармация» Ғылыми комитеті отырысының қорытындысы бар (№14 хаттама, маусымның 30-ы, 2016 жыл), ол жерде мәселенің маңыздылығы, ғылыми жаңалығы, алынған нәтижелердің дәйектілігі мен тәжірибелік маңызы атап өтілген. Құжатқа отырыс төрайымы х.ғ.д. профессор Омарова Роза Амиржановна қол қойған. Диссертация ресми қорғауға ұсынылған.

Қорыта келгенде, өтініш берушінің құжаттары 6D110400 – «Фармация» мамандығы бойынша Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің талаптарына сай.

Назар салып тыңдағандарыңызға рахмет!

Төраға: Ізденушінің жеке іс құжаттары бойынша сұрақтар бар ма? Сұрақтар жоқ.

Төраға: Диссертацияның негізгі ережелерін баяндау үшін **Ботабаева Рауан Еркебаевнаға** сөз беріледі. Сізге диссертациялық жұмыстың негізгі ережелерін баяндау үшін **20 минут** беріледі.

Ізденуші: Аса құрметті Диссертациялық кеңес төрағасы мен Кеңес мүшелері!
«Қазақстан Республикасының тұрғындарын отандық өндірістегі дәрілік препараттармен тиімді қамтамасыз етуді жетілдіру» атты тақырыбындағы «Фармация» мамандығы бойынша Философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін іздену диссертациясының негізгі нәтижелерін баяндауға рұқсат етіңіздер!

Қазіргі таңда фармацевтикалық өнеркәсіп әлемнің көптеген елдерінің ең табысты салаларының бірі. Сонымен қатар фармацевтикалық нарық – бұл әрбір ел экономикасының маңызды секторы, оның экономикалық және әлеуметтік дамуының, тұрғындарының әл-аухат деңгейінің көрсеткіші.

Қазақстан Республикасының фармацевтикалық нарығы әлі де импорттың нарығы болып қалуда, сондықтан бұл саланы дамытудың негізгі мәселелері Қазақстан экономикасында қалыптасып отырған тоқырау кезеңінде импорттық заттарды отандық тауарлармен алмастыру болып саналады.

Фармацевтикалық нарықтағы отандық дәрілік препараттардың негізгі даму қарқынын талдау, халықты отандық дәрілік препараттармен қамтамасыз етуді жетілдірудің негізгі бағыттарын анықтау және отандық дәрілік заттарды тиімді қолдану мүмкіндігін кеңейту жүйесін жетілдіру өзекті мәселе болып қалады.

Жоғарыда аталған өзекті мәселені шешу мақсатында біз диссертациялық жұмыстың келесідей **мақсатын** алға қойдық. Атап айтар болсақ, Қазақстан Республикасының отандық дәрілік заттарды тиімді қолдану мүмкіндігін кеңейту жүйесінің жаңа әдістемелік жолдарын жасау.

Осы мақсаттарға қолжеткізу үшін біз алға келесідей **міндеттерді** қойдық:

1. Отандық фармацевтикалық нарық жағдайына, Қазақстан Республикасындағы фармацевтикалық өндірістің қалыптасуы мен дамуына сараптама жасау.

2. Отандық дәрілік заттарды өндіру жағдайына және олардың Қазақстан Республикасының 2005-2015 жылдардағы фармацевтикалық нарықта қолданылу динамикасына SWOT сараптамалар жасау.

3. Қазақстан Республикасындағы вегето-тамырлық дистония синдромы бар науқастарға көрсетілетін фармацевтикалық көмектің жағдайын зерттеу.

4. Отандық өндірістегі дәрілік заттарды қолдануға әсер ететін факторлар кешенін анықтауға арналған әлеуметтік зерттеудің ғылыми-әдістемелік құралдарын анықтау және енгізу.

5. Вегето-тамырлық дистония кезінде қолданылатын дәрілік заттардың ассортиментіне әлеуметтік зерттеу жүргізу.

6. Қазақстан Республикасындағы фармацевтикалық нарықта отандық дәрілік заттарды тиімді қолдануға бағытталған әдістемелік тәсілдерді жетілдіру.

7. Отандық өндірістегі дәрілік препараттардың диверсификациясы стратегиясына арналған әдістемелік құралдар жасау.

Дербес, тәуелсіз мемлекет – Қазақстан Республикасының құрылу және қалыптасуы кезінде, жаңа нарықтық қатынастар жағдайында Қазақстанның фармацевтикалық саласында теріс құрылымдық үрдістер байқалды. Атап айтқанда, Қазақстан Республикасында дәріхана желісінің жеткілікті түрде қарқынды өсуі аясында отандық фармацевтикалық өндірістің әлеуеті шектеулі болып қалды – 1991 жылы тек 14 кәсіпорын ғана болды. Бұл жағдайды бұрынғы КСРО фармацевтикалық өндірістік кәсіпорындарының негізінде Ресей мен Украина аймағында орналасуы болды.

Бұл кәсіпорындар жалпы дәрілік заттар көлемінің тек 3%-ын ғана қамтамасыз етті.

Қазіргі таңда Қазақстандық фармацевтикалық компаниялар отандық нарықта үлкен артықшылықтарға ие болып отыр. Оның себебі тұрғындарға тегін медициналық көмектің кепілді көлемінің жасалынып жатқан мүмкіншіліктері болып табылады.

Осы кепілдіктің арқасында экономиканың әртүрлі жағдайында оның ішінде тоқырау жағдайында тұрғындарға тегін дәрі-дәрмектер беру үшін Мемлекет тоқтаусыз фармацевтикалық заттарды сатып алуда. Осылайша біздің Республикадағы фармацевтикалық нарықтың 43%-ын мемлекеттің сұранысы құрайды. Тәуелсіз Мемлекеттер достастығы ішінде ол көрсеткіш өте жоғары болып есептелінеді, мысалы Ресей мемлекетінде бұл сұраныс бойынша фармацевтикалық заттарды сатып алу жалпы нарықтың 30%-ын құрайды, ал өзге мемлекеттерде 10-12%-ын ғана құрайды. Жалпы біздің Республика жыл сайын тұрғындарды тегін дәрілік заттармен қамтамасыз ету үшін 600 млн. АҚШ дол. жұмсайды.

Жалпы Қазақстан Республикасы бойынша 2010-2015 жылдар кезеңінде тегін медициналық көмектің кепілді көлемі аясында дәрілермен қамтамасыз етуге жұмсалған қаржының %-ық көлемі.

Статистикалық деректерге карағанда тұрғындардың созылмалы бейэпидемиялық аурулармен аурушандықтың деңгейі 100 мың тұрғынға балап есептегенде зерттелген жылдары 89 643,4 оқиғадан 93 265,6 оқиғаға дейін артқанын көрсетіп отыр.

Аурушандықтың өсуі тұрғындардың дәрілік заттарға сұранысын тоқтаусыз арттыруға, әсіресе созылмалы бейэпидемиялық аурушандық тұрғындарды емдеуге қажетті дәрілік заттардың сұранысына тікелей әсерін тигізеді. Әсіресе жүрек-қан айналу жүйесінің аурулары, онкологиялық аурулар, ортопедиялық аурулар, тыныс алу, асқорту, несеп шығару ағзаларының сырқаттары жедел түрден созылмалы түрге айналып, стационарлық және амбулаторлық медициналық көмектің түрлерін арттыруда. Қазақстан Республикасының тұрғындары арасында дәрілік заттарды

қолдануға сұраныс арнайы көрсеткіштер жүйесімен зерттеледі. Оның ішінде дәрілік заттардың сатылу көлемі теңгемен есептегенде зерттелген жылдарда 17 млрд. теңгеден 40 млрд. теңгеге дейін артып отыр. Ал дәрілік заттардың әрбір жан басына есептегенде 10 515,82 теңгеден 23 099,79 теңгеге дейін артқан.

Қазақстан Республикасында тіркелген барлық дәрілік препараттар, медициналық мақасаттағы бұйымдар және медициналық техника үлесі барлық тіркелген фармацевтикалық өнімнің жалпы санының 8,42%-ын ғана құрайды.

Қазіргі таңда Қазақстан Республикасын сандық көлемі бойынша 80%-дан астам импорттық дәрі-дәрмектермен қамтамасыз ететін елдердің бірінші ондығына кіретін мемлекеттер: Ресей 37%, Үндістан 10%, Германия 9% және Украина 6% қамтып отыр.

2005-2015 жылдар аралығындағы отандық фармацевтикалық нарықта Қазақстан Республикасының шығаратын дәрілік заттары бар болғаны 6,5%-дан 9,5%-ға дейін өскен, қалғанының барлығы шетелдік импорттық тауарлар үлесіне тиесілі. Олардың үлес салмағы 2005 жылы 93,5%-ды құраса, 2015 жылы 90,5%-ды құрап отыр.

Қазіргі таңда импорттық дәрілік заттардың бағасы бойынша 60%-дан астамын қамтамасыз ететін елдердің бірінші ондығына кіретін мемлекеттер: Германия 16%, Франция 12%, Үндістан 9% және Ресей 7% құрайды.

Зерттеу нәтижесіне қарағанда Қазақстандық фармацевтикалық фирмалар Республикалық Денсаулық сақтау ұйымдарын заттай көрсеткіші дәрілік заттармен 30%-ға дейін қамтамасыз етеді.

Қазақстан Республикасының фармацевтикалық нарығындағы отандық және шетелдік өндірушілердің дәрілік препараттар үлесі сандық мөлшерде көрсетілген. IMS Health мәліметтеріне сәйкес 2005-2015 жылдар кезеңінде, қорап түріндегі отандық тауар өндіруші дәрілік препараттар үлесі, нарықтағы қораптардың жалпы санының 20-30%-ын құрайды. 2015 жылғы мәліметтер бойынша – отандық өндірушілердің үлесі 21,5%. Шетелдік өндірушілердің дәрілік препараттар үлесі 78,5%-ды құрап отыр.

Айта кететін нәрсе, 2009 және 2015 жылдарда дәрілік препараттар сату көлемі долларлық эквивалентте төмендейді, бұл жүргізілген девальвациямен түсіндіріледі, ал ұлттық валюта теңгемен нарық жылдан жылға оң көрсеткіштер көрсете отырып өсуде. Отандық тауар өндірушілер дәрілік препараттар сату көлемінің өсуі негізінен, мемлекет тарапынан көрсетілген қолдаумен және Бірыңғай дистрибьютор СК-Фармациямен ұзақ уақытқа келісім-шарт жасау аясында жүзеге асырылып отыр. Диаграммаларда көрсетілгендей, Отандық тауар өндіруші дәрілік препараттар сату көлемі, шетел өндірушілерінің дәрілік препараттар сату көлемінен айтарлықтай төмен. Бұдан шығатын қорытынды, Қазақстан Республикасының фармацевтикалық нарығында импорт үлесі жоғары және ол шетел компанияларына тәуелді.

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму Министрлігінің 2016 жылғы 1 қаңтардағы жағдайы бойынша фармацевтикалық қызметпен шұғылданатын нысандардың %-дық үлес салмағы.

Қазіргі уақытта отандық фармацевтикалық өндіріс дамушы сала ретінде 78 ірі және кіші өндіріс кәсіпорындарынан, фармацевтикалық өнім шығаратын жергілікті және шетелдік өндірушілердің өндірістерінен тұрады. Ең ірі 8 зауыттың үлесіне Қазақстан Республикасында шығатын дәрілік препараттардың қаржылай көлемінің құндық мағынада 90%-ына тиесілі.

Отандық фармацевтикалық нарықтың күшті жақтарына еліміздің саяси тұрақтылығының салыстырмалы жоғарылығын, оның биомедициналық шикізатпен қамтамасыз ету жоспарында географиялық тиімді орналасуын, 2016 жылдың қаңтарынан бастап күшіне енген Еуразиялық эконмикалық одақта Тәуелсіз Мемлекеттер достастығы елдерінің нарығына дәрілік препараттарды Бірегей нарығына шығу мүмкіндігін, дайын дәрілік заттар және белсенді фармацевтикалық ингредиенттік заттарға қосылған құн салығы болмауын, фармацевтикалық өндіріске сұранысты тегін медициналық көмектің кепілді көлемі аясында мемлекеттік сатып алулар арқылы қамтамасыз етуді, саланың модернизацияға дайындығын және мемлекеттік қолдаудың бар екенін атап айтуға болады.

Отандық препараттардың нарыққа шығарудың келешегін анықтау үшін бірінші кезекте, фармацевтикалық нарықтың зерттеліп отырған бөлігінің құрылымын, алдымен нарықтың қызмет көрсетілген бөлігін, зерттеу керек. Осы мақсатта біз «Корватаблеттің нарықтық ортадағы қозғалысын зерттедік».

Көбінесе вегетативтік-тамырлық дистонияның белгілері аралас болып келеді, алайда емдеу тәсілі бірдей болуы қажет. Себебі, осы барлық белгілер бір-бірінен оқшауланған жағдайда анықталған.

Вегетативтік-тамырлық дистония ауруы кеңінен таралған, бірақ аз диагноздалған, сондықтан диагноз дұрыс қойылған жағдайда бұл ауруды емдеу үшін Корватаблет препараты негізгі болуы мүмкін.

Корватаблетті тыныштандыратын және түйілуді басатын препарат ретінде қолданудың ресми көрсеткіштеріне жоғары ашушандық неврозы, жоғары қозғыштық, ұйқысыздық, оның ішінде ұйқының бұзылуы; жүйке-қан айналымдық дистония; тахикардия, жүрек қан тамырының қысылуы; гипертониялық аурулардың бастапқы кезеңдері; ас қорыту ағзаларының қысылуы және вегетативтік-тамырлық дистония жатады.

Санжар Жапарұлы Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық медицина университеті мен Оңтүстік Қазақстан облыстық ауруханасы және дәріхана ұйымдарымен бірлескен жұмыс аясында, отандық дәрілік заттардың «Химфарм» Акционерлік қоғамы өнімінің алға жылжуына әсер ететін себептерді анықтау және әсер ету деңгейін анықтау үшін, зерттеу Оңтүстік Қазақстан облысы – Шымкент қаласы, облыстық орталық ауруханасында жүргізілді. Оның мақсаты қалыптасқан жағдайды зерттеу және «дәрігер – науқас – провизор» арасындағы ақпараттық қажеттіліктерді анықтау. Зерттеу 3-бөлімге бөлінді, ол үшін дәрігерлерге, науқастарға және провизорларға бөлек сауалнамалар дайындалды. Сауалнаманың негізгі сұрақтары зерттеліп отырған құбылыстың мазмұны туралы ақпарат жинауға негізделген.

Біз сауалнаманың үш түрін өңдедік: дәрігерлер мен провизорлар үшін вегето-тамырлық дистонияны емдеуге қолданатын дәрілік препараттарды сараптамалық бағалау сауалнамасы және вегето-тамырлық дистонияны емдеу кезінде «Корватаблет» препаратына сұранысын анықтауға қажетті халыққа арналған сауалнаманы жүргіздік. Бұл сауалнамаларды диссертациялық жұмыстың Д, Е, Ж қосымшаларынан көрулеріңізге болады.

Дәрігерлерге арналған сауалнамада вегето-тамырлық дистония синдромы бар науқастар үшін, «Химфарм» Акционерлік қоғамы өндіретін «Корватаблет» препаратын пайдаланудың негізгі көрсеткіштері көрсетілген.

Халыққа арналған сауалнамада батыс аналогтарымен салыстыру бойынша фармацевтикалық нарықта бәсекеге қабілеттілігін арттыра отырып, дайын отандық дәрілік заттардың өндірісін арттыру мақсатында «Корватаблет» отандық препараттының сұранысын анықтау үшін сұрақтар қойылған. Біз дәрігерлерге арнап жасаған сауалнама құрамында дәрігерлердің сауалнамалық деректері: жынысы, жасы, лауазымы, жалпы жұмыс өтілі, мамандығы бойынша жұмыс өтілі, біліктілік категориясы, ғылыми дәрежесі, атағы, біліктілігін арттырудың жүйелігі және тағы басқа сұрақтар кірді.

Зерттеу барысында 400-ден аса респондент (науқастар), әртүрлі мамандықтағы 50 дәрігер атап айтар болсақ олардың құрамына: невропатологтар, кардиологтар, терапевтер, гастроэнтерологтар, пульмонологтар және тағыда басқа дәрігерлер сауалнамаға тартылды. Сонымен қатар 50 фармацевтикалық қызметкерлер сұраққа тартылды, таңдаудың дәріхана репрезентивтілігі Гречихин В. Г. формуласы бойынша анықталды. Материалдарды өңдеуге орташа және салыстырмалы шаралар қолданылады.

«Химфарм» Акционерлік қоғамы шығаратын «Корватаблет» препаратының медициналық әсерлігін тәжірибелік зерттеуге бағытталған әлеуметтік зерттеулер жүргізілді. Оның нәтижесі аталған препараттың шетелдік аналогтармен салыстырғанда тиімділігін көрсетті.

Зерттеу нәтижесі көрсеткендей бұл таблетка Невроздарда 99,7%, оның аналогтары 24,8%-98,3%-ға дейін, жоғары қозғыштықта 99,2%, аналогтары 21,4%-84,2% дейін, гипертониялық аурудың бастапқы кезеңінде 42,3%, аналогтары 54,2% дейін, вегето-қантамырлық дистониясында 85,9%, ал аналогтары 10%-96,4% дейін аса тиімді, болып шықты.

Біз фармацевтикалық нарықтың жаңа сегменттерін игеру мүмкіндігін зерттеуімізге байланысты дәрігерлерге «Сіз вегето-тамырлық дистониямен ауыратын науқастарға Корватаблет препаратын тағайындайсыз ба?» деген сұрақ қойылды.

Нәтижесінде дәрігерлердің препаратты тағайындау мүмкіндігі бағаланып, препаратты қолдануды шектейтін факторлар мен тағайындау жағдайы анықталды.

Сауалнама нәтижесі бойынша дәрігерлердің көбі өзінің науқастарына Корватаблетті тағайындауға дайын екендіктерін білдірді.

Біз «Корватаблет» препаратын аналогтарымен салыстыру мақсатында 400 респонденттерге сауалнама жүргіздік. Олардың ішінде: 48% ерлер, 52% әйелдер. Респонденттер жасы бойынша назарларыңызға ұсынылған келесі топтарға бөлінді.

Сұрақ қойған тұтынушылардың көпшілігі 54,2%, Корватаблетті қолданғаннан кейін жағдайларының жақсарғанын айтты.

Респонденттердің көпшілігі шетелдік аналогтарды қолданғанды жөн көреді 58,2%, сонымен қатар 41,8% отандық Корватаблетті де таңдады.

Дәрілердің өтімділігі олардың сатылу бағасына тікелей байланысты, респонденттердің 71,8%-ы дәрілердің бағасының 500 теңгеге дейінгі түрлерін таңдайды. Олардың 45,2%-ы дәрілерді 500 теңгеден – 2 500 теңге аралығындағы бағамен сатып алғандар, 2 500 теңгеден – 5 000 теңгеге дейін 23,7%-ы және сауалнамаға тартылғандардың 7,9%-ы 5 000 теңгеден жоғары бағада сатып алған.

Корватаблеттің сатылу бағасын арнайы сауалнамалар көмегімен зерттедік. Алғашқы кезеңде дәрігерлер Корватаблеттің бағасы 300 теңгені, орташа деп есептегендер саны 79,3%-ды қамтыса, алайда әлеуметтік-экономикалық тоқырау кезеңінде оның құнын орташа деп есептейтіндердің үлес салмағы айтарлықтай төмендеді, ол 63,1%-ға жетті. Корватаблеттің бағасы қымбат деп есептейтіндердің үлес салмағы бастапқыда 12,3% – болса зерттеу соңында олардың үлес салмағы 22,8%-ға жетті.

Наукастардың Корватаблетке берген бағасы дәрігерлердің берген бағасынан мүлдем өзгеше. Бастапқы зерттеу кезеңінде Корватаблеттің бағасы төмен деп есептегендердің үлес салмағы 7,8%-ды құраса, соңғы кезеңде 8%-ды түзеп отыр. Алайда Корватаблеттің бағасын орташа деп есептейтін наукастардың үлес салмағы бастапқы кезеңде 78,3% болса, зерттеу соңында олардың үлес салмағы 63,9%-ға дейін төмендеп кетті. Сонымен қатар Корватаблеттің бағасы жоғары деп есептейтіндер 13,9%-дан 28,1%-ға дейін артты.

Корватаблетті дәріхана провизорларынан сұрау жоғары қозғышты невроздарда 41,9%, жоғары қозғыштықта 43,4%, тахикардияда 46,4% құрады, бұл сұраныстың жалпы көлемін құрайды және препаратты басқа аналогтарымен салыстырғанда жоғары дәрежеге ие болып табылатындығын көрсетеді.

Сонымен қатар, Корватаблеттің фармацевтикалық нарықтағы сатылымына «Химфарм» Акционерлік қоғамы зауытының тауарлық маркасы күшті әсер етсе, оның сатылымына күшті әсер ететін жарнамаға бөлінген қаржының көлемі, болып табылады. Бұл дәрілердің сатылымына диверсификация, және дәрігерлер мен фармацевтердің қолдауы, дәрілік заттардың тиімділігі туралы наукастардың көз қарасы орташа әсерін тигізетін болып шықты.

Пирсон корреляциялық жұп коэффициентімен регрессиялық талдау мәліметтері вегето-тамырлық дистонияны емдеу кезінде тәжірибеде қолданылатын отандық дәрілік заттардың диверсификациясының стратегиясын жасауға қолданылады.

Сонымен, алынған нәтижелердің арқасында «Корватаблет» дәрілік препаратының медициналық тиімділігін сараптамалық бағалау негізінде отандық дәрілік заттарды алудың диверсификациясының ғылыми негізделген жобалық моделі жасалынды.

Жүргізілген жұмыс нәтижесінде біз келесі назарларыңызға ұсынылған қорытындыларды жасадық. Бұл қорытындыларда тоқталмағанға рұқсат етіңіздер.

Диссертациялық жұмыстың негізгі нәтижелері **24 жариялым** түрінде ғылыми баспаларда жарияланды. **2 әдістемелік құрал** жарық көрді.

Сонымен қатар әзірленген әдістемелік ұсынымдарға **Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінің 25 тамыз 2016 жылғы № 1858 «Авторлық құқық»** объектісіне құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы куәлігі берілді.

Диссертациялық жұмыстың негізгі нәтижелері **8 ұйымда** енгізілді.

Назар салып, тыңдағандарыңыз үшін рахмет!

Төраға: Диссертациялық кеңестің мүшелері, марқабат, ізденушіге сұрақтарыңыз болса, қоюға болады?

Медицина ғылымдарының докторы, профессор Рахимов Кайролла Дюсенбаевич: Рауан Еркебаевна, кереметтей мынадай әдеби шолу жасадыңыз, соның ішінен кейбір сұрақтар туып отыр, сол сұрақтарға назар аударсаңыз!

Вегето-тамырлық дистония депсіз, ал соны таңдадық дейсіз, сонда сауалнаманы Сіз дәрігерлердің алдында жүргіздіңіз ба, әлде аурулардың алдында жүргіздіңіз бе, Қазақстан Республикасының қай облыстарында жүргіздіңіз, болмаса Алматы облысында жүргіздіңіз бе?

Ізденуші: Құрметті Кайролла Дюсенбаевич, сұрақ қойғаныңыз үшін рахмет! Жауап беруге рұқсат етіңіз! Біздің «Корватаблет» препаратын әлеуметтік зерттеу жұмысымыз негізінен 2 кезеңге бөлінді. 1-кезеңде біз зерттеу жұмысын Оңтүстік Қазақстан облысы, Шымкент қаласы, Облыстық орталық ауруханасында жүргіздік. Ол жерде біз негізінен Гречихина формуласының мәліметтері бойынша жұмыс істедік. Қазіргі таңда Шымкент қаласында 1 000 000 халық тұратындықтан, біз Гречихина формуласының мәндеріне Стъюденттің таблицасынан мәндерін қойып, Гречихина формуласының сол мәндеріне өзіміздің 1 000 000 халықтың көрсеткішін көбейте отырып, біз 400 респондентті сауалнамаға тарту керек екендігін анықтадық. Содан, осы 400 науқастың арасында сауалнама жүргізілді.

Медицина ғылымдарының докторы, профессор Рахимов Кайролла Дюсенбаевич: Не себептен – жаңағыдай сауалнама жасаудың арқасында ма, жоқ әлде өзіңіз көріп, содан соң сұрақтар туды ма «Корватаблет» деген дәріні зерттеу жұмысына алдыңыз? Қай жерде шығады, фирмасы? Номерін көрсетіпсіз, не үшін көрсеттіңіз, неге номер №20 деп қойдыңыз?

Ізденуші: Құрметті Кайролла Дюсенбаевич, сұрақ қойғаныңыз үшін рахмет! Жауап беруге рұқсат етіңіз! Бұл «Корватаблет» препаратын біздің әлуметтік зерттеу жұмысымызға таңдаған себебіміз, жаңа айтып өттім, біздің негізгі зерттеу жұмысымыз 2 кезеңнен тұрды деп. 1-кезеңде, вегето-тамырлық дистония кезінде қандай препараттарды дәрігерлер науқастарға жиі тағайындайтынын білу үшін, біз дәрігерлермен сұқбат түрінде сауалнама жүргіздік, ол кезде аталған дәрілік

препараттардың арасынан отандық өндірістегі дәрілік препараттардың ең жиі тағайындалатыны «Корватаблет» препараты болды. Сол себептен біз «Корватаблет» препаратын өзіміздің зерттеу жұмысымызға алдық.

Медицина ғылымдарының докторы, профессор Рахимов Кайролла Дюсенбаевич: Сіз науқастар қандай фирманы таңдайды деп жазыпсыз, ия, шетелдікі ме, өзіміздікі ме, содан мәлімет берсеңіз?

Ізденуші: Құрметті Кайролла Дюсенбаевич, сұрақ қойғаныңыз үшін рахмет! Жауап беруге рұқсат етіңіз! Ал, сұрағыңыз – не себептен науқастар дәрілік препараттарды таңдау кезінде фирмаларына қарай ма деген сұрақ кірді дедіңіз? Ол жерде науқастар негізінен, көп жағдайда өзіміздің отандық өндірістегі препараттардан қарағанда, шетелдік препараттарды көп қолдайды. Ол жаңа мен айтып өттім, біздің әлуметтік зерттеуіміздің нәтижесінде 58%-ы шетелдік, ал 42%-ы отандық өндірістегі дәрілік препараттарды қолдайтын болып шықты.

Медицина ғылымдарының докторы, профессор Рахимов Кайролла Дюсенбаевич: Одан кейін, сол сауалнамада жазылып тұр, өз бетімен емдеу деген бар, ия, «самолечение» қазір өте көп бет алып кетті, соның ішінде күніне дәріні неше рет қабылдағанды ұнатады деген сауал кездесті. Сізге аурулар күніне неше рет дәріні қабылдауды ұнатады, одан кейін олар неліктен өз бетімен емделеді, дәрігерлерге баруға ерінеді ме?

Ізденуші: Құрметті Кайролла Дюсенбаевич, сұрақ қойғаныңыз үшін рахмет! Жауап беруге рұқсат етіңіз! Респонденттер дәрілік препаратты күніне қанша рет қабылдағанды қолдайды деп сұрақ қойдыңыз, бұл сұрағыңызға жауап берейін: негізінде мен әлуметтік зерттеу жүргізу барысында науқастармен сөйлескен кезде олардың көпшілігі, бір күнде бір рет ғана қабылдағанды қолдайды.

Медицина ғылымдарының докторы, профессор Рахимов Кайролла Дюсенбаевич: Одан басқа мынау зерттеу кезінде Сіз анализ жасадыңыз «полипрагмазия» деген термин кездесті ме, соны білесіз бе, соны айтсаңыз?

Ізденуші: Құрметті Кайролла Дюсенбаевич, сұрақ қойғаныңыз үшін рахмет! Жауап беруге рұқсат етіңіз! Дәрілік заттарды тиімсіз қолдану кезінде «полипрагмазия» емдеудің бағасын өсіріп жібереді, ал ол негізінен дәрілік заттарды көп мөлшерде қабылау кезінде, жанама әсер көрсетуіне әкеліп соқтырады.

«Полипрагмазия» ол көп деген сөз, егер де біз бір науқасқа, бірнеше препаратты бір мезгілде тағайындасақ, соларды көп мөлшерде қабылдаған жағдайда, олардың жанама әсерлерінің көбейіп кетуі.

Химия ғылымдарының докторы, профессор Бурашева Гаухар Шахмановна: Кешіріңіз, Сізге 1-ші сұрағым! 2010-2015 жылға дейін препараттар 3,5%-ға өскен дедік, ия! Ал, қазіргі таңда Қазақстан Республикасында жалпы дәрілік препараттадың 9,5% ғана отандық өндірістегі препараттар дейік. Сонда бұл препараттар синтетикалық па? Әлде өсімдік тектес препараттар ма?

Ізденуші: Құрметті Гаухар Шахмановна, сұрақ қойғаныңыз үшін рахмет! Жауап беруге рұқсат етіңіз! Біздің Қазақстан Республикасында, біздің зерттелген 2005-2015 жылдары аралығында дәрілік препараттар үлесі 3,5%-ға артты, бұл жерде негізінен синтетикалық та және өсімдіктестес препараттар да бар. Біздің зерттеу жұмысымызда барлығы жалпы бірге қарастырылды, оны біз 2-ге бөліп есептемедік.

Химия ғылымдарының докторы, профессор Бурашева Гаухар Шахмановна: Қазақстан Республикасында мына дәрілік препараттарды алатын қандай субстанциялық өндіріс бар?

Ізденуші: Құрметті Гаухар Шахмановна, сұрақ қойғаныңыз үшін рахмет! Жауап беруге рұқсат етіңіз! Біздің Қазақстан Республикасында отандық өндірістік препараттар өндірілетін нысандардың ішінде субстанция дайындайтын, қазіргі таңда тек «Фитохимия» ғана болып отыр.

Химия ғылымдарының докторы, профессор Бурашева Гаухар Шахмановна: Сіз әрине, өте ауқымды жұмыс жасағансыз, мына негізгі өзіңіздің диссертациялық тақырыбыңыз «Қазақстан Республикасының тұрғындарын отандық өндірістегі дәрілік препараттармен тиімді қамтамасыз етуді жетілдіру» дегенсіз, ия?! Бірақ әңгіменің барлығы «Корватаблет» препаратының маңында болып тұр. Соның бір өзі Сізге жеткілікті емес пе еді? Мысалы тек ғана сол вегето-тамырлық дистонияны қарастырсаңыз соның өзі-ақ жеткілікті болған жоқ па? Ол да әдемі диссертациялық жұмыс болар еді. Қалай ойлайсыз? Сіздің ойыңыз?

Ізденуші: Құрметті Гаухар Шахмановна, сұрақ қойғаныңыз үшін рахмет! Жауап беруге рұқсат етіңіз! Сіз айтып отырсыз, мына ауқымды тақырып алып ішінен неге вегето-тамырлық дистонияны ғана зерттемедіңіз деп. Біздің негізгі тақырыбымыз «Қазақстан Республикасының тұрғындарын отандық өндірістегі дәрілік препараттармен тиімді қамтамасыз етуді жетілдіру». Бұл жерде біз ұзақ ойланып, менің жетекшілеріммен ақылдаса отырып, тек осы вегето-тамырлық дистонияда қолданылатын «Корватаблет» препаратын алға тартуды ұсынып, кейіннен осы бағыт бойынша жұмыс жасадық.

Біз басында тақырып осылай бекітілген соң, барлығы осы ауқымға кіреді ғой деген оймен тақырыпты қайта ауыстырмадық.

Фармация ғылымдарының докторы, профессор Махатов Бауыржан Калжанович: Осы фармация біз Қазақстан егемендік алғанан бері отандық фармацевтикалық өндірістің әлеуметінің жеткіліксіз болуына не себеп болды?

Ізденуші: Құрметті Бауыржан Калжанович, сұрақ қойғаныңыз үшін рахмет! Жауап беруге рұқсат етіңіз! Не себептен 1991 жылы дәрілік препараттар төмен көрсеткіш көрсетті дедіңіз. 1991 жылы біздің Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алғаннан кейін, біздің Қазақстан Республикасында отандық тауарларды өндіретін тек 14 нысан болды. Ол кезде бұл 14 нысан біздің Қазақстан Республикасының халықтарын қамтамасыз етудің қаржылай көлемінде тек 3% ғана қамтыды. Бұл сол кезде КСРО жылдары, біздің ірі тауар өндіру нысандарының шетелде қалып

қойғанымен түсіндіріледі. Ол нысандардың көпшілігі Ресей және Украина аймақтарында болды. Сол себептен, бұл кезде біздің Қазақстан Республикасы сондай кезеңнен өтті.

Фармация ғылымдарының докторы, профессор Махатов Бауыржан Калжанович: Біз Қазақстанда, Сіз беріп отырған мәліметтер бойынша 9,5% дәрілік заттар шығарамыз, соның бір мәліметтерінде 10%-ды береді, біруінде 7%-ды, соның 9,5%-ды деген мәліметті, Сіз қайдан алдыңыз?

Ізденуші: Құрметті Бауыржан Калжанович, сұрақ қойғаныңыз үшін рахмет! Жауап беруге рұқсат етіңіз! Қазақстан Республикасында қазір не себептен 9% – 10% дәрілік препараттарды әр жерде әртүрлі беріп отыр дейсіз. Бұл негізінде біздің әлуеметтік зерттеу барысында алынды, біз көптеген статистикалық мәліметтерді алу үшін, көптеген жұмыстар жасап, іздендік. Солардың ішінде «Vi-ORTIS Group Consulting» фарма эксперттік дереккөзі, IMS Health Америкалық компаниясының статистикалық мәліметтер ақпарат көзі және Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму Министрлігіне де барып қайттым, Дюсебай Жанабаявичтың қолдауымен. Ол жерден де біз көптеген мәліметтер алып қайттық. Соларды салыстыра отырып, біздің зерттеудің, бұл қазіргі таңдағы 9,5%-ға жетіп отырған мәліметтерін біз IMS Health ақпарат көзінен алдық.

Фармация ғылымдарының докторы, профессор Махатов Бауыржан Калжанович: Корватаблеттің бүгінгі күнде бағасы қандай? Сіз соны бүгінгі нарықта қолдану керек деп жатырсыз, осы біз Қазақстан нарықта сол бағаны ұстап тұра аламыз ба? Бұл препаратқа жарнама жасау керек пе? Қандай көмек беру керек? Осы фармацевтикалық нарықта басқа шетелден келетін препараттарға қарсы жұмыс істеу керек пе?

Ізденуші: Құрметті Бауыржан Калжанович, сұрақ қойғаныңыз үшін рахмет! Жауап беруге рұқсат етіңіз! «Корватаблет» препаратының бүгінгі таңда бағасы 475 теңгені құрайды, бұл біздің әлеуметтік зерттеу жүргізген 2005-2015 жылдары «Корватаблет» препаратының бағасы аса өспеген, не бәрі 5%-7%-дың арасында ғана, сол себептен Корватаблеттің нарықтағы бағасын ұстап тұрады деп айта аламыз.

Фармация ғылымдарының докторы, профессор Махатов Бауыржан Калжанович: «Корватаблет» препаратының субстанциясы қай жерден келеді?

Ізденуші: Құрметті Бауыржан Калжанович, сұрақ қойғаныңыз үшін рахмет! Жауап беруге рұқсат етіңіз! «Корватаблет» препаратының субстанциясы негізінен Индия және Германия мемлекеттерінен әкелінеді.

Фармация ғылымдарының докторы, профессор Махатов Бауыржан Калжанович: Девальвация болса, міне сондай салдардан өзгеруі мүмкін бе?

Ізденуші: Құрметті Бауыржан Калжанович, сұрақ қойғаныңыз үшін рахмет! Жауап беруге рұқсат етіңіз! Ия, өзгеруі мүмкін.

Фармация ғылымдарының докторы, доцент Устенова Гульбарам Омаргазиевна: Скажите, пожалуйста! Встречались ли Вам исследования по биоэквивалентности отечественного препарата, о котором вы докладывали в своей работе и по поводу его аналогов?

Ізденуші: Құрметті Гульбарам Омаргазиевна, сұрақ қойғаныңыз үшін рахмет! Бірақ бұл біздің зерттеу жұмысымыздың мақсатына кірмеді.

Төраға: Диссертациялық кеңестің мүшелері, марқабат, ізденушіге қоятын тағыда сұрақтарыңыз бар ма?

Төраға: Сұрақтар жоқ.

Төраға: Сөз ресми рецензентке фармация ғылымдарының докторы, Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік фармацевтикалық академиясының «Дәрілер технологиясы» кафедрасының меңгерушісі **Сағындықова Баян Ахметовнаға** беріледі. Шымкент қаласы, Қазақстан Республикасы.

Фармация ғылымдарының докторы, профессор Сағындықова Баян Ахметовна: Құрметті төраға, құрметті диссертациялық кеңес мүшелері және қонақтар!

6D110400 – «Фармация» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін ізденуге Рауан Еркебаевна Ботабаеваның докторлық диссертациялық жұмысына рецензияны ұсынамын.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі мен оның жалпы ғылыми және жалпы мемлекеттік бағдарламалармен өзара байланысы.

Әлемдік экономиканың қазіргі таңдағы даму бағыты соңғы 10 жыл ішіндегі еңбектің халықаралық деңгейдегі таралу жүйесін жаңаша қалыптастыруда. Қазіргі таңда дамушы елдер фармацевтикалық нарықта жетекші орын алып отырғаны белгілі. Қазақстанда дәрі-дәрмек өндіру саласы Ұлттық экономиканың құрамында ерекше орын алады. Себебі, бұл тауарлардың әлеуметтік маңызы аса зор және дәрілер шығаруға жоғары ғылыми техникалық тұрғыда ұйымдастырылған өндіріс орындарын қажет ететін сала.

Бұл сала мемлекеттің қатаң басқаруына тәуелді және инвестицияларды тартуға тиімді сала болып есептелінеді. Фармацевтикалық нарықтық саланың дамуы көптеген себептерге тәуелді, оның ішінде дамыған елдердегі қайта құру жұмыстарына, тұрғындардың табысы мен өмір сүру деңгейіне, демографиялық жағдайға байланысты. Аурушандықтың жоғарылауы, әлемнің әртүрлі аймақтарында эпидемиялық жағдайдың ушығуы, көптеген жаңа аурулардың пайда болуы, сонымен қатар, әлеуметтік-экономикалық тоқыраудың одан ары тереңдеуі, әлемдік фармацевтикалық нарықты кешенді бақылауды қажет етеді. Фармацевтикалық саланың қазіргі жағдайы отандық дәрі-дәрмектерді нарыққа шығару мен оны сатуды ушықтырып отыр.

Сондықтан импорттық дәрілік құралдарды отандық дәрі-дәрмектермен алмастыру әлеуметтік экономикалық мәселеге айналды. Қазақстан Республикасының 2016-2019 жылдарға арналған «Денсаулық» Мемлекеттік бағдарламасының негізгі бағыттарының бірі отандық фармацевтикалық саланы дамытудың, шығарылған дәрілік құралдардың ішкі нарықтағы бәсекелестікке қабілетін арттырудың, халықты отандық өндірістегі дәрі-дәрмектермен қамтамасыз ету мәселелерін, дәрілік құралдардың қолжетімділігін, сапасы мен қауіпсіздігін, тиімді қолданылуын қамтамасыз ету сияқты негізгі міндеттерді жүзеге асыру үшін тиімді іс-шаралар кешенін әзірлеу, орындау және мониторинг жасауды алдын-ала қарастыратын дәрілік қамтамасыз ету және Денсаулық сақтау жүйесін дәрілік құралдармен қамтамасыз етудің Ұлттық саясатын жүзеге асыру болып табылады.

Диссертант Ботабаева Рауан Еркебаевна Қазақстан Республикасында Отандық дәрілік препараттарды шетелдік аналогтарымен салыстырғандағы фармацевтикалық нарықтағы медициналық тиімділігіне, сұраныстар мен ұсыныстарға әлеуметтік зерттеу жасап, тиімді пайдалану мүмкіндігін кеңейту жүйесінің жаңа әдістемесін отандық фармацевтикалық кәсіпорындар жұмысына және оқу үдерістеріне енгізіп отыр.

Осыған байланысты жоғарыда аталған мәселелердің өзектілігі, қазіргі кездегі қажеттілігі және маңыздылығы күмән тудырмайды.

Диссертацияға қойылатын талаптар аясындағы ғылыми нәтижелер.

Диссертациялық жұмыс кіріспеден, әдеби шолудан, өзіндік зерттеу тарауларынан, қорытындылардан, әдебиеттер тізімдерінен және қосымшалардан құрастырылған. Кіріспеде мәселенің өзектілігі толық ашылған, зерттеу мақсаты мен міндеттері анықталған, жаңалығы мен тәжірибелік маңыздылығы көрсетілген.

I-ші тарауда, бұл әдеби шолуда диссертант Қазақстан Республикасында фармацевтикалық өндірістің құрылуы және заманауи жағдайын бағалаудың ретроспективті талдауын жасап, олардың дамуының негізгі мәселелерін, соның ішінде, отандық жаңа дәрілік препараттар жасауға қаржының бөлінуі мен олардың өндірілуінің жеткіліксіздігін, еліміздің өндірістік фармациясын халықаралық стандарттар негізінде сертификациялаудың шектеулігін, дәрілік препараттардың айналымға түсуін регламенттейтін нормативтік-құқықтық базаның жеткіліксіздігі, отандық дәрілік құралдардың шетелдік аналогтарына бәсекелес бола алмауын көрсеткен. Көптеген зерттеушілердің Қазақстан Республикасында импорттық дәрі-дәрмектерді отандық дәрі-дәрмектермен алмастыру бағдарламасын орындауда негізгі атқарылған жұмыстарды жан-жақты талдаған. Осы кезеңге дейін жүргізілген диверсификациямен маркетинг шараларының көптеген жетімсіз жақтары анықталған. Осыдан зерттеуші импорттық дәрілік заттарды отандық медициналық препараттармен ауыстыру шараларын жетілдіру үшін маркетингтік тұрғыда күрделі өзгерістер жасау керектігін көрсеткен.

Диссертациялық зерттеудің 2-ші тарауында зерттеу материалдары мен әдістері келтірілген. Автор диссертациялық жұмыста қолданылған материалдарды таңдау және зерттеу әдістері, оның ішінде, ретроспективті, сараптамалық бағалау әдісі, математикалық-статистикалық, салыстырмалы, корреляциялық, регрессиялық

талдау және басқа да әдістерді қолданған. Базалық және мақсатты нарықты анықтау мақсатында отандық өндірісті дәрілік препараттарды қолдануға медициналық-демографиялық факторлардың әсерін зерттеу үшін әлеуметтік зерттеу құралдарын жасаған.

Зерттеу материалдары өзінің жеткіліктілігімен, деректілігімен және нақты салыстырмалы айырмашылықтарымен айқындалады.

3-ші тарауда Қазақстан Республикасында фармацевтикалық нарықтың заманауи жағдайының талдауы жасалып, оның артықшылықтары мен даму мәселелері және оның жоғарғы импорт тәуелділігі – отандық дәрілік препараттардың үлесінің төмен екендігін көрсеткен.

Отандық фармацевтикалық өндірістің, соның ішінде, фармацевтика өндірісінің көшбасшылары: «Химфарм» Акционерлік қоғамы, «Нобел Алматы фармацевтикалық фабрикасы» Акционерлік қоғамы және «Глобал Фарм» Жауапкершілігі Шектеулі Серіктестік өндірістерінің кешенді сипаттамасы жасалып, «Химфарм» Акционерлік қоғамы өнімін алға жылжытуда жаңа диверсификациялық үлгі жасаудың тәжірибелік мақсаттылығы анықталған.

Диссертациялық жұмыстың 4-ші бөлімінде әлеуметтік зерттеу жүргізуге арнайы дайындалған құжаттар С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық медицина университетінің Локальды этикалық комиссиясымен тексеріліп, сараптамалық қорытынды берілген. Нәтижесінде Қазақстан Республикасында вегето-тамырлық дистонияны емдеуге қолданылатын дәрілердің түрлеріне әлеуметтік зерттеу жүргізіліп, «Корватаблет» отандық препаратының тәжірибелік қолданылу аясын кеңейту мүмкіндігі анықталды.

«Корватаблет» дәрілік препаратын таратуға және оған сұранысқа әсер ететін факторлар жиынтығы зерттеліп, сауда маркасының, патент болуының, дәрілік препараттар жарнамасының, шығару көлемінің, диверсификация мүмкіндігінің және тағы басқа факторлардың әсері зерттелінген.

5-ші бөлімде Отандық дәрілік препараттарды, ол «Корватаблет» препараты мысалында жасалынған рационалды тәжірибелік қолдану диверсификациясының стратегиясын жасап, негізделген; «Отандық өндірістегі дәрілік препараттардың диверсификация стратегияларын ғылыми негіздеу» атты әдістемелік құрал дайындалды, алынған ғылыми нәтижелері негізінде отандық «Корватаблет» препаратын диверсификациялау әдісінің тәжірибелік моделі жасалды.

Диссертацияда қалыптастырылған нәтижелер мен қорытындылардың дәлелділік және деректілік деңгейі.

Жұмыстың ғылыми нәтижелері репрезентивті қалыптастырылған таңдамалы статистикалық жиынтықты пайдалана отырып алынған, негізгі тәуекелділік себептер мен «Корватаблет» препаратын фармацевтикалық нарықта демеу дәрежесінің жоғарылығы корреляциялық сараптау барысында сенімділікпен дәлелденген. Қорғауға ұсынылған ғылыми қағидалар мен тұжырымдар дәлелді материалдар қолданылу нәтижесінде қалыптастырылған. Сондықтан, диссертацияда алынған қорытындылардың нәтижелері мен деректілік және сенімділік деңгейі жоғары.

Диссертацияда қалыптастырылған ізденушінің әрбір ғылыми нәтижелерінің, қорытындыларының мен тұжырымдамаларының жаңалық дәрежесі.

Диссертациялық зерттеу барысында алынған, әрбір ғылыми нәтиже жоғары деңгейлі ғылыми жаңалығымен ерекшеленеді. Алғаш рет репрезентативтік таңдамалы статистикалық материалдарды қолдана отырып, отандық препарат Корватаблеттің бәсекеге қабілеттілігіне, шетелдік аналогтарға қарағанда, аса ашушандықты, аса қозғыштықты, неврозды, коронароспазмды, гипертониялық ауру мен вегето-тамырлық дистонияның бастапқы белгілерін емдеуде оның медициналық тиімділігі жоғары екені көрсетілген.

Бұл дәрінің фармацевтикалық нарықтағы диверсификациясына бренд өте жоғары дәрежеде, дәрілік препараттар жарнамасын қаржыландыру көлемі жоғары деңгейде, ал науқастардың және дәрігерлердің пікірі бойынша орташа дәрежеде әсер ететіндігі көрсетілді.

